

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы N 38 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 мамырдағы N 895 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы N 279 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.21 N 279 Қаулысымен.

Кеңес кезеңіндегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарихи-мәдени мәнінің жоғалуына және Ақмола қаласының орталық бөлігін қайта жаңарту қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақ ҚСР-інің республикалық мәні бар тарихи және мәдени ескерткіштері туралы" Қазақ ҚСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы N 38 қаулысына (СП Қаз ҚСР, 1982 ж., N 5, 23-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақ ҚСР-інің республикалық мәні бар тарихи және мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен мына жолдар алынып тасталсын:

"В.И.Ленинге ескерткіш, 1970 ж., Целиноград қаласы өнер
мүсіншілер А.С.Новиков,
А.И.Бельдюшкин

сәулетші А.Н.Котырев

Кеңес өкіметінің күрескерлеріне Целиноград қаласы өнер
арналған мемориал, 1972 ж., Кеңестер үйінің
мүсінші Л.П.Колотилина, гүлзары

сәулетші Т.Жанысбеков

2. Ақмола қаласының әкімі Ақмола қаласының орталық бөлігін қайта жаңарту жоспарына сәйкес В.И.Ленин ескерткіші мен Кеңес өкіметінің күрескерлеріне арналған мемориалды орналастырудың жаңа орынын айқындасын және көшіруді жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

